

Ақмола облысы Зеренді ауданы Чаглинка ауылының көшелерін қайта атау туралы

Ақмола облысы Зеренді ауданы Чаглинка ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 4 қазандағы № 6 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 18 қазанда № 6804 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, халықтың пікірін ескере отырып және Ақмола облыстық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 18 сәуірдегі қорытындысы негізінде , Чаглинка ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақмола облысы Зеренді ауданы Чаглинка ауылының көшелері қайта аталсын:

- 1) Октябрь көшесін Нұрлы көш көшесіне;
- 2) Строительная көшесін Жеңіс көшесіне;
- 3) Придорожная көшесін Бәйтерек көшесіне;
- 4) Центральный шағын ауданы Орталық шағын ауданына;
- 5) Школьный шағын ауданы Ынтымақ шағын ауданына;
- 6) 8 марта көшесін 8 наурыз көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Чаглинка ауылдық
округінің әкімі*

Б.Дүйсенов